**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**

**ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**

***Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы***

**А. Ғ. Ахашов**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША СЫЗБАЛАР АЛЬБОМЫ

***Жалпы бөлім***

**ҚАРАҒАНДЫ**

**2016**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**

**ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**

***Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы***

**А. Ғ. Ахашов**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША СЫЗБАЛАР АЛЬБОМЫ

***Жалпы бөлім***

**ҚАРАҒАНДЫ**

**2016**

**УДК 347 (574)**
**ББК 67.404 (5Каз)**
**А 93**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ғылыми кеңесінің шешімі бойынша басылады.

Рецензенттер:

***Божқараұлы А.*** — Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі, з. ғ. к., доценті;
***Қарабеков Қ. Ө.*** — Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы.

***Ахашов А. Ғ.***
**А 93** Қазақстан Республикасы азаматтық құқығы бойынша сызбалар альбомы. Жалпы бөлім. — Қарағанды: ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2016. — 92 б.
ISBN 978-601-7881-01-6

Осы сызбалар альбомы тыңдаушылардың «Қазақстан Республикасы азаматтық құқығы бойынша сызбалар альбомы. Жалпы бөлім» пәнін меңгеру барысында білімдерін жүйелеу, айқындау үшін әзірленді.

«Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы» пәні бойынша сызбалар альбомы жоғары оқу орындарының тыңдаушыларына арналады.

ISBN 978-601-7881-01-6

УДК 347 (574)
ББК 67.404 (5Каз)

*© ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2016;*
*© Ахашов А. Ғ., 2016*

# ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

«Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы» курсы жоғары оқу орындарында игерілетін негізгі оқу пәндерінің қатарына жатады. Азаматтық құқық мүліктік, яғни материалдық игіліктерге байланысты және материалдық емес, яғни тұлғамен тығыз байланысты игіліктерге байланысты пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейді.

«Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы» курсы жоғары дәрежедегі мамандарды дайындау үшін, азаматтық құқықтың мәселелері бойынша құқық қорғау және құқық қолдану қызметін, құқықтық реттеу саласындағы тәжірибелік әдістерді, осы мамандардың теориялық тұрақты және терең білім алу үшін арналған.

Осы оқу пәнін үйрену азаматтық құқықтың негізгі мәселелерін оқып үйренуді көздейді. Оларды білу ой-өрістің дамуына, негізгі құқықтық қатынастарға талдау жасауға және құқықтық нормалардың құқық қорғау органдары қызметкерлерінің практикалық қызметінде қолданылуына ықпал етеді.

«Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы» курсының мақсаты — тыңдаушыларға қазіргі азаматтық заңнаманың негізгі ережелерін игеруге және шығармашылық деңгейін көтеруге көмектесу. Тыңдаушыларды өз бетімен нормативтік материалдармен және ғылыми әдебиетпен жұмыс жасауға үйретеді. Сонымен қатар тыңдаушыларды, нақты дау туындаған кезде қолданыстағы азаматтық заңнаманы дұрыс қолдануға және дұрыс талдау жасау дағдысына үйретеді.

Аталған сызбалар альбомы «Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (Жалпы бөлім)» курсын оқу барысында тыңдаушыларға көмек көрсету үшін әзірленген.

## 1-ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ҰҒЫМЫ. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ. АЗАМАТТЫҚ ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҮЙЕСІ

### 1-СЫЗБА. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІ



## 2-СЫЗБА. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ҰҒЫМЫ



## 3-СЫЗБА. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ПӘНІ



## 4-СЫЗБА. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ӘДІСІ

**Азаматтық-құқықтық реттеу әдістері** — қабылдаудың, құралдардың, әдістердің жиынтығы, яғни олардың қатынасымен құқық қоғамдық қатынастарға ықпал етеді, реттейді, бірыңғайлайды және қорғайды.

Азаматтық-құқықтық реттеу әдістеріне тән ерекшеліктер

- заңды теңдік
- екі жақтың еркіндік автономиясы
- екі жақтың мүліктік дербестігі
- азаматтық құқықты қорғау
- азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің мүліктік сипаты

## 5-СЫЗБА. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

**Азаматтық құқықтың қағидалары** — құқықтық актілерде бекітілген жалпыға міндетті ережелер, идеялар, бастамалар. Олар барлық азаматтық құқықтан өтеді, қоғамның даму тенденциялары мен қажеттіліктерін көрсетеді және азаматтық құқықты тұтастай сипаттайды.

- азаматтық-құқықтық қатынас тараптарының теңдігі
- жеке істерге өздігінен араласуға шектеу қою
- азаматтық құқықтың қалпына келуі мен қорғалуының еш мүлтіксіз жүзеге асуы
- келісім еркіндігі
- тауардың, қызмет көрсетудің және еңбектің Қазакстан Республикасының барлық аумағында еркін қозғалысы мен айналымы
- бұзылған азаматтық құқықтарды қорғау мен қалпына келтіру

## 6-СЫЗБА. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ЖҮЙЕСІ



## 7-СЫЗБА. АЗАМАТТЫҚ ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҮЙЕСІ



## 2-ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАС

### 8-СЫЗБА. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ЭЛЕМЕНТТЕРІ



## 9-СЫЗБА. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ МАЗМҰНЫ



## 10-СЫЗБА. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАС ТҮРЛЕРІ



## 11-СЫЗБА. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ТУЫНДАУ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ



## 12-СЫЗБА. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕН ҚОРҒАУ

**Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру** (ҚР АК, 8-бап)

**Азаматтар**

Азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген азаматтық құқықтарды, соның ішінде өздерін қорғау құқығын өз қалауынша пайдаланады.

Азаматтар мен заңды тұлғаларға тиесілі құқықтардың жүзеге асырылмауы, заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, бұл құқықтардың тоқтатылуына әкеп соқпайды.

**Заңды тұлғалар**

*Тиесілі азаматтық құқықтарды жүзеге асырудан бас тарту — бұл құқықтардың тоқтатылуына әкелмейді*

**Қатысты емес**

- Мұрагердің мұрадан бас тартуы
- Несие берушімен борышкердің тиесілі міндеттемелерден босатылуы
- Тауып алған заттан (олжадан) бас тарту
- Табылған қараусыз жануарларға иелік етуден бас тарту
- Қосқан үлесі үшін сый-сыяпат көрсетуден бас тарту
- Заңмен қарастырылған өзге де жағдайлар

## 13-СЫЗБА. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУ ФОРМАЛАРЫ МЕН ТӘРТІБІ



## 14-СЫЗБА. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ



## 3-ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҰҒЫМЫ МЕН ТҮРЛЕРІ. АЗАМАТТАР — АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ

### 15-СЫЗБА. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІ



## 16-СЫЗБА. АЗАМАТТАР — АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ

Қазақстан Республикасының азаматтары — Қазақстан Республикасының азаматтығына ие тұлғалар

Шетелдік азаматтар — Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын және өздерінің өзге ел азаматтығына тиесілік дәлелі бар тұлғалар

Азаматтығы жоқ тұлғалар — Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын және өздерінің өзге ел азаматтығына тиесілік дәлелі жоқ тұлғалар

Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар **жеке тұлғалар** болып ұғынылады (ҚР АК, 2-тарау,12-бап)

Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады (ҚР Конституциясы, 12-бап)

Егер заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, шетелдік жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар азаматтық заңдарда Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары үшін қандай құқықтар мен міндеттер көзделсе, нақ сондай құқықтарға ие болуға қақылы және сондай міндеттерді орындауға міндетті (ҚР АК, 1-тарау, 3-бап, 7-тармақ)

## 17-СЫЗБА. АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ ТҮСІНІГІ, ТУЫНДАУЫ ЖӘНЕ ТОҚТАТЫЛУЫ

Азаматтық құқыққа ие болып міндет атқаруға қабілетті, яғни **азаматтық құқық қабілеттілігі** барлық азаматқа бірдей деп танылады.

(ҚР АК, 13-бап, 1-тармақ)

Азамат туған кезден бастап туындайды

Заңнамалық актілерде көзделген жағдайлар мен тәртіпте шектеледі

Азамат қайтыс болған сәттен бастап тоқтатылады

# 18-СЫЗБА. АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ МАЗМҰНЫ



## 19-СЫЗБА. АЗАМАТТАРДЫҢ ӘРЕКЕТ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ ТҮСІНІГІ, ТУЫНДАУЫ ЖӘНЕ ТОҚТАТЫЛУЫ



## 20-СЫЗБА. АЗАМАТТЫ ХАБАР-ОШАРСЫЗ КЕТТІ ДЕП ТАНУ

**Азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану** тек келесідей заңды фактілердің жиынтығы болған жағдайда ғана мүмкін болады (ҚР АК, 28-бап)

- азаматтың тұрғылықты жерінде ол туралы бір жыл бойы деректер болмауы
- мүдделі адамдардың арызы бойынша
- азаматтың тұрғылықты жерінде ол туралы бір жылдан астам уақыт оның қазіргі мекені туралы деректер болмауы
- азаматтың мекендеу жерін заңды шаралар көмегімен анықтау мүмкін болмаған жағдайда

## 21-СЫЗБА. АЗАМАТТЫ ӨЛДІ ДЕП ЖАРИЯЛАУ



# 4-ТАҚЫРЫП. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР

## 22-СЫЗБА. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ ТҮСІНІГІ

**Заңды тұлға**
(ҚР АК, 33-бап)

↓

- меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар;
- мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап береді;
- өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болады;
- сотта талапкер және жауапкер бола алады;
- дербес балансы немесе сметасы бар;
- өз атауы жазылған мөрі бар.

## 23-СЫЗБА. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

**Заңды тұлғаның белгілері**

↓

Ұйымдасқан бірлігі

↓

Оқшауланған мүлкінің болуы

↓

Азаматтық айналымға өз атынан түсуі

↓

Жеке азаматтық жауапкершілігі

## 24-СЫЗБА. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ



## 25-СЫЗБА. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

**Заңды тұлғаның пайда болу негіздері**

**Рұқсат ету**

Заңды тұлға құзыретті органдардың рұқсаты негізінде құрылады

- Мемлекеттік кәсіпорын
- Мемлекеттік мекеме
- Коммерциялық банктер
- Сақтандыру компаниялары

**Нормативті келу**

Заңды тұлға құзыретті органдардың рұқсатынсыз, заңда көзделген талаптар бойынша құрылады

- Шаруашылық серіктестік
- Акционерлік қоғам
- Өндірістік кооператив

## 26-СЫЗБА. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ



## 27-СЫЗБА. ЗАҢДЫ ТҰЛҒА ҚҰҚЫҚ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ТОҚТАТЫЛУЫ



## 28-СЫЗБА. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ

Заңды тұлға өз қызметін құрылтай құжаттары негізінде жүзеге асырады

### Жарғы

- заңды тұлғаның құқықтық ұйымдастырылу нысаны;
- фирмалық атауы;
- тұрғылықты орны;
- оның органдарын құру тәртібі және олардың құзыреті;
- оның қызметін қайта құру және жою ережелері;
- егер заңды тұлғаны бір адам құрса, онда оның жарғысында мүлікті құру және кірістерді бөлу тәртібі де белгіленеді

### Құрылтай шарты

- құрылтайшылар туралы ақпарат;
- ұйымды құру туралы шешім;
- фирмалық атауы;
- ұйымды құру тәртібі;
- шартта құрылтайшылар ара-сында таза табысты бөлу;
- заңды тұлға қызметін басқару;
- құрамынан құрылтайшылардың шығуының шарттары мен тәртібі;
- жарғылық капиталының мөлшері бекітіледі

### Жалғыз құрылтайшының шешімі

- заңды тұлғаны тіркеу бойынша әрекеттерді жүзеге асыратын тұлғаны тағайындау туралы шешім;
- мүліктерді меншікке беру (шаруашылық жүргізу, ора-лымды басқару);
- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шешімдерді қамтуға тиіс

## 29-СЫЗБА. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ ДАРАЛАНДЫРУ ҚҰРАЛДАРЫ

**Заңды тұлғаның атауы**
(ҚР АК, 38-бап)

- заңды тұлғаның оны басқа заңды тұлғалардан айыруға мүмкіндік береді;
- ұйымдық-құқықтық нысанын көрсетеді;
- заңды тұлға қызметінің сипатын көрсетеді;
- оның құрылтай құжаттарында көрсетіледі

**Заңды тұлғаның тұрған жері**
(ҚР АК, 39-бап)

- заңды тұлғаның тұрақты жұмыс істейтін органы тұрған жер оның тұрған жері болып танылады;
- заңды тұлғаның тұрған жері оның құрылтай құжаттарында почталық толық мекен-жайы жазылып көрсетіледі

Заңды тұлғаның фирмалық атауды тек қана өзі пайдалануға құқығы бар. Бөтен бір фирмалық атауды заңсыз пайдаланатын тұлға фирмалық атаудың құқық иесінің талап етуі бойынша мұндай атауды пайдалануды тоқтатуға және келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті.

## 30-СЫЗБА. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ ФИЛИАЛДАРЫ МЕН ӨКІЛДІКДЕРІ

**Филиалдары**
(ҚР АК, 43-1-бап)

Заңды тұлғаның тұрған жерінен тыс орналасқан және оның функцияларының бәрін немесе бір бөлігін, оның ішінде өкілдік функцияларын жүзеге асыратын оқшауланған бөлімшелер.

**Өкілдіктері**
(ҚР АК, 43-2-бап)

Заңды тұлғаның тұрған жерінен тыс орналасқан және заңды тұлғаның мүдделерін қорғауды және өкілдігін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оның атынан мәмілелер мен өзге де құқықтық іс-әрекеттер жасайтын оқшауланған бөлімшелер.

Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлға болып табылмайды. Оларға мүлікті өздерін құрған заңды тұлға береді және олар бекіткен ережелер негізінде жұмыс істейді. Заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын заңды тұлғаның уәкілетті органы тағайындайды және олар соның сенімхаты негізінде жұмыс істейді.

## 31-СЫЗБА. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру** (ҚР АК, 45-бап)

- Біріктіру
- Қосу
- Бөлу
- Бөліп шығару
- Қайта құру

- оның мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның шешімі бойынша
- заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында уәкілеттік берілген органның шешімі бойынша
- сот органдарының шешімі бойынша жүргізіледі
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қайта ұйымдастырудың басқа да нысандары көзделуі мүмкін

## 32-СЫЗБА. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ ТАРАТУ НЕГІЗДЕРІ

**Заңды тұлғаны тарату**

**Заңды тұлғаны ерікті түрде таратудың келесі шешімдері**

- меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның
- құрылтай құжаттарында осыған уәкілеттік берілген органның

**Заңды тұлғаны еріксіз түрде таратудың келесі шешімдері**

- банкрот болған
- заңды тұлғаны құру кезінде заңдардың түзетуге келмейтін сипатта бұзылуына жол берілуіне байланысты оны тіркеу жарамсыз деп танылған
- орналасқан жері бойынша немесе нақты мекенжайы бойынша заңды тұлға, сондай-ақ заңды тұлға бір жыл ішінде оларсыз жұмыс істей алмайтын құрылтайшылар (қатысушылар) және лауазымды адамдар болмаған
- қызметін заңнаманы өрескел бұза отырып жүзеге асырған: заңды тұлғаның жарғылық мақсаттарына қайшы келетін қызметті үнемі жүзеге асырған, қызметін тиісті лицензиясыз не заңнамалық актілерде тыйым салынған қызметті жүзеге асырған
- басқа да заңнамалық актілерде көзделген жағдайлар.

## 33-СЫЗБА. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ БАНКРОТТЫҒЫ

**Банкроттық —** борышкердің соттың шешімімен танылған оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі

**Ерікті түрде**

Банкроттықты ерікті түрде тану борышкердің сотқа берген өтініші негізінде жүзеге асырылады

**Мәжбүр ету тәртібімен**

Мәжбүр ету тәртібімен банкрот деп тану несие берушінің, ал заң актілерінде көзделген жағдайларда өзге де адамдардың сотқа өтініш беруі негізінде жүзеге асырылады

## 34-СЫЗБА. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН НЫСАНДАРЫ



# 5-ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР ОБЪЕКТІЛЕРІ

## 35-СЫЗБА. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР ОБЪЕКТІЛЕРІ



# 36-СЫЗБА. ЗАТТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

**Заттар**

**Жылжымайтын (қозғалмайтын)**
(ҚР АК, 117-бап)

*Жылжымайтын мүлікке* (жылжымайтын заттар) байланысты өзге мүлік, яғни орнынан олардың мақсатына сай емес шығынсыз ауыстыру мүмкін болмайтын объектілер жатады.

- жер учаскелері;
- ғимараттар;
- құрылыстар;
- көпжылдық екпелер;
- жермен тығыз байланысты өзге мүлік.

Мемлекеттік тіркеуге жата-тын: әуе және теңіз кемелері, ішкі суда жүзу кемелері, «өзен-теңіз» жүзу кемелері, ғарыш объектілері, магистральдық құбырлардың желілік бөлігі де жылжымайтын заттарға теңестіріледі. Заңнамалық актілермен жылжымайтын заттарға өзге мүліктер де жатқызылуы мүмкін.

**Жылжитын (қозғалатын)**
(ҚР АК, 117-бап)

Жылжымайтын мүлікке жатпайтын мүліктер.

- ақша (валюта);
- бағалы қағаздар;
- жылжымайты мүлікке жатпайтын өзге де заттар.

**Бөлінетін**
(ҚР АК, 120-бап)

*Бөлінетін мүлік дегеніміз* — бөлу нәтижесінде бөліктері өз мақсатын (міндетін) жоғалтпайтын мүлік.

**Бөлінбейтін**
(ҚР АК, 120-бап)

*Бөлінбейтін мүлік дегеніміз* — өзінің шаруашылық мақсатын (міндетін) өзгертпей бөлуге болмайтын немесе заң құжатында ұйғарылуына қарай бөлуге жатпайтын мүлік.

**Күрделі заттар**
(ҚР АК, 121-бап)

Егер әртекті заттар оны бірігу мәні белгілейтін мақсаты бойынша пайдалануға мүмкіндік беретін бүтін бір затты құрайтын болса, олар *бір зат (күрделі зат)* деп қаралады.

**Басты зат** **Керек-жарақ**
(ҚР АК, 122-бап)

Керек-жарақ, яғни басты затқа қызмет етуге арналған және ортақ шаруашылық мақсатқа қолданылуы сонымен байланысты болатын зат. Егер заңдарда немесе шартта өзгеше белгіленбесе, басты затқа ілесіп жүреді (скрипка және таяқшасы)

**Жемістер, азық-түлік, табыстар**
(ҚР АК, 123-бап)

Мүліктерді пайдалану нәтижесінде алынған түсім (жемістер, өнімдер, табыстар). Егер заңдарда немесе бұл мүлікті пайдалану туралы шартта өзгеше көзделмесе, осы мүлікті заңды негізде пайдаланушы адамға тиесілі болады.

## 37-СЫЗБА. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ АЙНАЛЫМ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ

**Айналым қабілеттілігіне байланысты** азаматтық құқықтардың объектілері келесі түрлерге бөлінеді

**Айналымдағы заттар**

Бір адамнан екінші адамға әмбебап құқықты мирасқорлық тәртібімен не өзге де әдіспен еркін беріледі немесе ауысады.

**Айналым қабілеттігі шектеулі заттар**

Айналымның белгілі бір қатысушысына ғана тиесілі болуы мүмкін. Не алынуына, немесе берілуіне арнайы рұқсат бойынша жол берілетін заттар (қару-жарак).

**Айналымнан алынып тасталған заттар**

Берілуге рұқсат етілмейтін заттардың түрлері, заң құжаттарында тікелей көрсетілуге тиіс (жалған ақша белгісі, порнографиялық басылымдар).

## 38-СЫЗБА. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР ОБЪЕКТІЛЕРІ РЕТІНДЕГІ АҚША, ВАЛЮТАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Қазақстан Республикасының ақша бөлінісі **теңге** болып табылады (ҚР АК, 127-бап)

**Теңге** Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өз құны бойынша қабылдануға міндетті заңды төлем құралы болып табылады. Қазақстан Республикасы аумағында төлемдер қолма-қол төлеп және қолма-қол төлемей есеп айырысу түрінде жүзеге асырылады.

**Валюта**

**Валюта** — мемлекеттер заңды төлем құралы ретінде қабылдаған ақша бірліктері немесе банкноттар, қазынашылық билеттері және монеталар, оның ішінде бағалы металлдардан жасалған монеталар (айналыстан алынғандарын немесе алынатындарын, бірақ айналыста жүрген ақша белгілеріне айырбасталуға жататындарын қоса алғанда) түріндегі, қолма-қол және қолма-қол емес нысандардағы құнның ресми стандарттары, сондай-ақ шоттардағы, оның ішінде халықаралық ақша немесе есеп айырысу бірліктеріндегі қаражаты.

**Ұлттық валюта** — Қазақстан Республикасының валютасы (теңге)

**Шетел валютасы** — шетел мемлекеттерінің валютасы (АҚШ-доллары)

## 39-СЫЗБА. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР ОБЪЕКТІЛЕРІ РЕТІНДЕГІ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

**Бағалы қағаз**
(ҚР АК, 129-бап)

мүліктік құқықты куәландыратын белгілі бір жазбалар мен басқа да белгілердің жиынтығы

**акция**
— акционерлік қоғам шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысуға, ол бойынша дивиденд және акционерлік қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқықтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз
(ҚР АК, 139-бап)

**облигация**
— шығару кезінде айналыс мерзімі алдын ала белгіленген, оны шығару шарттарына сәйкес облигацияны шығарған тұлғадан ол бойынша сыйақы алу және оның айналыс мерзімінің аяқталуы бойынша облигацияның ақшалай немесе өзге де мүліктік балама түрдегі нақты құнын алу құқығын куәландыратын бағалы қағаз
(ҚР АК, 136-бап)

**банктік депозит сертификаты**
— өз ұстаушысының шығару шарттарында белгіленген айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін не ол аяқталғанға дейін номиналды құнын, сондай-ақ шығару шарттарында белгіленген мөлшерде сыйақы алу құқығын растайтын атаулы эмиссиялық емес бағалы қағаз
(ҚР АК, 139-1-бап)

## 40-СЫЗБА. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

**Бағалы қағаздар шығарылым нысаны бойынша келесідей түрлерге бөлінеді**

| | |
|---|---|
| **құжатты** | **Құжатты бағалы қағаздар** — кұтжатты нысанда (бағалы қағаздың мазмұнын арнаулы техникалық құралдарды пайдаланбай-ақ, тікелей оқу мүмкіндігі болатын қағаз немесе өзге материалдық жеткізуші) шығарылған бағалы қағаздар. |
| **құжатсыз** | **Құжатсыз бағалы қағаздар** — құжатсыз нысанда (электрондық жазбалар жиынтығы түрінде) шығарылған бағалы қағаздар. |
| **эмиссиялық** | **Эмиссиялық бағалы қағаздар** — бір шығарылым шегінде осы шығарылым үшін бірдей жағдай негізінде орналастырылатын және айналымда болатын, біртекті белгілері мен реквизиттері бар бағалы қағаздар. |
| **эмиссиялық емес** | **Эмиссиялық емес бағалы қағаздар** — осы тармақтың төртінші бөлігінде көрсетілген белгілерге сәйкес келмейтін бағалы қағаздар. |
| **атаулы** | **Атаулы бағалы қағаз** — ол куәландырған құқықтардың онда аталған тұлғаға тиесілігін растайтын бағалы қағаз. |
| **ұсынбалы** | **Ұсынбалы бағалы қағаз** — ол куәландырған құқықтардың бағалы қағазды ұсынушыға тиесілігін растайтын бағалы қағаз. |
| **ордерлік** | **Ордерлік бағалы қағаз** — ол куәландырған құқықтардың онда аталған тұлғаға, заңда көзделген реттерде басқа тұлғаға тиесілігін растайтын бағалы қағаз. |

## 41-СЫЗБА. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР ОБЪЕКТІЛЕРІ РЕТІНДЕГІ ЖЕКЕ МҮЛІКТІК ЕМЕС ҚҰҚЫҚТАР

**Жеке мүліктік емес құқықтардың ерекшеліктері**

- мүліктік емес сипатқа ие
- тұлғаның даралануына бағытталған
- абсолюттік сипатқа ие

**Жеке мүліктік емес құқықтардың түрлері**

- Тұлғаның физикалық әл-ауқатын қамтамасыз ететін мүліктік емес құқықтар
- Өмір сүру құқығы
- Қолайлы қоршаған ортаға құқығы
- Жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығы
- Білікті медициналық көмек алу құқығы
- Өзге де құқықтар

- Тұлғаны дараландыруды қамтамасыз ететін мүліктік емес құқықтар
- Автор болу құқығы
- Шығармаға қол сұқпаушылық құқығы
- Есім алу құқығы
- Өз бейнесіне құқығы
- Өзге де құқықтар

# 6-ТАҚЫРЫП. МӘМІЛЕЛЕР

## 42-СЫЗБА. МӘМІЛЕЛЕР ТҮСІНІГІ



## 43-СЫЗБА. МӘМІЛЕЛЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

**Мәміле түрлері**

**Тараптар саны бойынша**

- Біржақты
- Екіжақты
- Көпжақты

**Туындау сәті бойынша**

- Нақты
- Консенсуалды

**Құқықтар мен міндеттемелердің туындау, тоқтатылу сәттері бойынша**

- Шартты:
  *кейінге қалдырылатын шартпен жасалған;*
  *кейін күші жойылатын шартпен жасалған*
- Мерзімді
- Мерзімсіз

**Ақылық деңгейі бойынша**

- Ақылы шарт
- Ақысыз шарт

**Жарамды мәміленің құқықтық негіздемесімен байланысы деңгейі бойынша**

- Казуальді
- Абстрактілі

## 44-СЫЗБА. МӘМІЛЕ НЫСАНДАРЫ

**Мәміленің нысаны**

### Ауызша

Заңдармен немесе тараптардың келісімімен жазбаша немесе өзге белгілі бір нысан белгіленбеген мәміле, атап айтқанда, олар жасалған кезде атқарылатын мәмілелердің бәрі ауызша жасалуы мүмкін.
Жетон, билет немесе әдеттегідей қабылданған өзге де растайтын белгі арқылы расталған мәміле, егер заңдарда өзгеше белгіленбесе, ауызша түрде жасалған болып табылады.
Жазбаша түрде жасалған шартты орындау үшін жасалған мәмілелер, егер заңдарға қайшы келмесе, тараптардың келісімі бойынша ауызша жасалуы мүмкін (ҚР АК, 151-бап)

### Жазбаша

***Жай***
***Нотариалдық***

Егер мәмілелердің жекелеген түрлері үшін заңдарда өзгеше арнайы көзделмесе немесе іскерлік қызмет өрісінің әдеттегі құқықтарынан туындамаса, мәмілелерді жасау кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, кәсіпкерлік қызмет үрдісінде жүзеге асырылатын;
мәмілелерді жасау кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, жүз есептік көрсеткіш жоғары сомаға;
заңдарда немесе тараптардың келісімінде көзделген өзге де реттерде жазбаша түрде жасалуға тиіс (ҚР АК, 152-бап)

### Өзге

***Конклюдентті әрекеттер***

Мәміле адамның мінез-құлқынан оның мәміле жасау еркі айқын көрініп тұрған ретте де жасалады

Ауызша түрде ғана жасалады

***Үндемей қалу***

Үндемей қалу заңдарда немесе тараптардың келісімінде көзделген реттерде мәміле жасауға ерік білдіру деп танылады.

# 45-СЫЗБА. МӘМІЛЕЛЕРДІ ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНУ НЕГІЗДЕРІ

Мәміленің нысанына, мазмұнына және қатысушыларына, сондай-ақ олардың ерік білдіру бостандығына қойылатын талаптар бұзылған жағдайда, мүдделі тұлғалардың, тиісті мемлекеттік органның не прокурордың талап арызымен **мәміле жарамсыз деп танылуы** мүмкін (ҚР АК, 157-бап)

Қажетті рұқсатты алмаған не рұқсаттың қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін жасалған мәміле жарамсыз болады.

Теріс пиғылды бәсеке мақсатын көздейтін немесе іскерлік әдеп талаптарын бұзатын мәміле жарамсыз болады.

ҚР Азаматтық кодекстің 23-бабында көзделген мәмілелерді қоспағанда, он төрт жасқа толмаған адам (жас бала) жасаған мәміле жарамсыз болады.

Он төрт жасқа толған кәмелетке толмаған адамның заңды өкілдерінің келісімінсіз жасаған мәмілесін, заң бойынша оның өзі дербес жасауға құқығы бар мәмілелерді қоспағанда, сот заңды өкілдерінің талабы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

Есуастық немесе ақыл-есі кем болуы салдарынан әрекет қабілеттігі жоқ деп танылған адам жасасқан мәміле жарамсыз болады. Кейіннен әрекет қабілеттігі жоқ деп танылған азамат жасасқан мәміле, егер мәмілені жасау кезінің өзінде-ақ бұл азаматтың психикалық шатасу жағдайында болғаны дәлелденсе, оның қорғаншысының талабы бойынша сот мәмілені жарамсыз деп тануы мүмкін.

Сот әрекет қабілеттілігін шектеген адам жасасқан мәмілені сот оның қамқоршысының талап етуі бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

Әрекет қабілеттілігі болғанымен, мәміле жасаған кезде өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе өзінің не істегенін білмейтін жағдайда болған азамат жасасқан мәмілені сот сол азаматтың талабы бойынша, ал егер тірі кезінде талап етуге азаматтың мүмкіндігі болмаса, азамат қайтыс болғаннан кейін басқа мүдделі адамдардың талабы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

Елеулі мәні бар жаңылысу салдарынан жасалған мәмілені сот жаңылысу әсерімен әрекет еткен тараптың талабы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

Алдау, зорлық, қорқыту ықпалымен жасалған мәмілені, сондай-ақ басқа тарап пайдаланған жағдайларға қарағанда, адам өзі үшін мүлде тиімсіз ауыр мән-жайлардың салдарынан жасауға мәжбүр болған мәмілені (кіріптарлық мәміле) сот жәбірленушінің талабы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

Бір тарап өкілінің екінші тараппен зұлымдық ниетте келісуі нәтижесінде жасалған мәмілені сот жәбірленуші тараптың талабы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

Заңды тұлғаның ҚР АК, өзге де заң актілерінде немесе құрылтай құжаттарында нақты шектелген қызмет мақсаттарына қайшы келетін етіп жасаған, не оның органының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі, егер мәміледегі басқа тараптың мұндай жолсыздықтар туралы білгені немесе білуге тиіс болғаны дәлелденсе, заңды тұлғаның немесе оның құрылтайшысының мүлік иесінің қуынымы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

## 46-СЫЗБА. МӘМІЛЕЛЕРДІ ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН САЛДАРЫ

**Мәмілелерді жарамсыз деп тану шарттары**

**Мазмұнында ауытқушылық байқалатын мәмілелер**

Мәміле мазмұны заң талаптары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерге қарама-қайшы келеді

**Субъектілік құрам ауытқушылығына ие мәмілелер**

*Жеке тұлғалардың мәмілелері*

♦ балалардың
♦ 14-тен 18 жасқа дейінгі тұлғалардың ата-аналары мен қамқоршыларының келісімінсіз
♦ әрекет қабілеттілігі жоқ азаматтар
♦ шектеулі әрекет қабілеттілігіне ие азаматтар

*Заңды тұлғалардың мәмілелері*

♦ жалпы және арнайы құқыққабілеттілік бұзылуы
♦ құрылтай құжаттарымен шектелген құқыққабілеттілігінің бұзылуы
♦ заңды тұлға органының жарғылық құзыретінің бұзылуы

**Ерік ауытқушылығы тән мәмілелер**

*Жасалған мәмілелер*

♦ адастыру және алдау әсері
♦ күштеу және қорқыту әсері
♦ кіріптарлық мәміле
♦ бір тараптың өкілінің екінші тараппен қастық мақсатындағы келісім нәтижесі
♦ жалған мәміле
♦ көлегейлемелі мәміле

**Нысан ауытқушылығына ие мәмілелер**

Жазбаша нысан (жай, нотариалды) талаптарының бұзылуымен, сонымен қатар мемлекеттік тіркеу талаптарының бұзылуымен жасалған мәмілелер

# 47-СЫЗБА. МӘМІЛЕЛЕРДІ ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНУ САЛДАРЫ

**Мәмілелерді жарамсыз деп тану салдары**

**Екіжақты реституция**

Тараптармен бір-біріне мәміле бойынша алынғандардың барлығын қайтару, яғни тараптарды алғашқы жағдайға келтіру. Заттай қайтарылмаған жағдайда құны ақшамен толтырылады

- әрекет қабілеттілігі жоқтардың мәмілесі
- әрекет қабілеттілігі шектелгендердің мәмілесі
- кәмелетке толмағандардың мәмілесі
- мәміле нысанының бұзылуы
- мемлекеттік тіркеу тәртібінің бұзылуы
- заңды тұлғаның құқық қабілеттілігінің артуы
- өзге де мәмілелер

**Біржақты реституция**

Тек бір (адал) тарапқа ғана мүлікті қайтару жүзеге асады, ал қылмыстық мақсатты көздеген әрекетке барған тарапқа ештеңе берілмейді, ал оның мәміле бойынша берілген мүлкі тәркілеуге жатады

- бір тарап өкілінің екінші тараппен қастық мақсатындағы келісім нәтижесінде жасалған мәмілелер
- адастыру және алдау әсерімен жасалған мәмілелер
- күштеу және қорқыту әсерімен жасалған мәмілелер
- жалған мәмілелер
- өзге де осы тектес мәмілелер

**Реституцияға жол бермеу (тәркілеу)**

